



## Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B010900	«Математика»	1. Педагогика 2. Математиканы оқыту әдістемесі 3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі 4. Элементар математика

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:

1. Педагогика
2. Математиканы оқыту әдістемесі
3. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі
4. Элементар математика

2. Тестілеу уақыты - 180 минут.

Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.

3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.

4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.

5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

## Педагогика

1. Педагогикалық пәндер:

- A) Ақпараттық педагогика
- B) Этнопедагогика
- C) Әлеуметтік педагогика
- D) Табиғат педагогикасы
- E) Салыстырмалы педагогика

2. «Тұлға» ұғымының мәнін ашуда қолданылатын ұғым:

- A) даралық
- B) тәрбие
- C) сынып
- D) оқушы
- E) педагог
- F) білім

3. Жас ерекшеліктер:

- A) Интеллектуалдық
- B) Белгілі бір жас кезеңіне тән даралық ерекшеліктер
- C) Белгілі бір жас кезеңіне тән анатомиялық сапалар
- D) Белгілі бір жас кезеңіне тән физиологиялық сапалар
- E) Белгілі бір жас кезеңіне тән психикалық сапалар

4. Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері:

- A) Педагогикадағы математикалық
- B) Педагогикалық эксперимент
- C) Социологиялық сауалнама
- D) Арнайы педагогикалық
- E) Педагогикалық сауалнама
- F) Психологиялық сауалнама
- G) Психологиялық тест

5. Эстетикалық тәрбие міндеттерінің бірі:

- A) ой қабілеттерін дамыту
- B) ағзаны шынықтыру
- C) эстетикалық мәдениетті тәрбиелеу
- D) эстетикалық талғамды және сезімді дамыту
- E) эстетикалық білімдер беру

## 6. Тәрбие:

- A) Ата-ананы тәрбиелеумен айналысады
- B) Тұқымқуалаушылық бейімділік және микро-ортаның өзгерістерін жөнге келтіріледі
- C) Оқу - тәрбие процесінің табысты болуын зерттейді
- D) Тұлғаның кәсіби қалыптасу проблемасын қарастырады
- E) Тәрбиеленушінің дүниетану көзқарасын қалыптастыру

## 7. Дүниетаным - бұл:

- A) Адамның дүниеде алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- B) Сынып ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- C) Қоғамның жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- D) Мектептің жағдайына деген көзқарастар жүйесі
- E) Мемлекеттің дамуына деген көзқарастар жүйесі
- F) Мектеп ұжымының алатын орнына деген көзқарастар жүйесі
- G) Адамның өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі

## 8. Адамгершілік тәрбие міндеті:

- A) адамгершілік сана қалыптастыру
- B) адамгершілік жүріс-тұрыс іскерліктерін қалыптастыру
- C) табиғатқа ізгілік қатынас қалыптастыру
- D) эстетикалық талғам қалыптастыру
- E) құқықтық жауапкершілік қалыптастыру

## 9. Педагогикалық әдіснаманың мәні:

- A) адамдар туралы ғылым
- B) әдістер туралы ғылым
- C) тіл туралы ғылым
- D) педагогикалық ілімдерді зерттейтін ғылым
- E) философиялық теорияларды зерттейтін ғылым
- F) логика туралы ғылым
- G) арнаулы зерттеу әдістерін жасауға арналған ғылым

## 10. Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру жолдары:

- A) арнайы пәндер енгізу
- B) пәнаралық байланыстарды іске асыру
- C) тәрбиелік шаралар ұйымдастыру
- D) ғылыми білімдер жүйесін қалыптастыру
- E) діни білімдер қалыптастыру
- F) іскерліктер жүйесі қалыптастыру
- G) дін мен ғылымның байланысын ашу

11. Перспективалар түрлері (А.С. Макаренко бойынша):

- A) жақын
- B) күрделі
- C) алыс
- D) қысқа мерзімді
- E) альтернативті
- F) таңдамалы
- G) ұзақ мерзімді

12. Сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігіне жатады:

- A) әр оқушыға тигізетін тәрбиелік ықпалдың болуы
- B) сыныппен оқушының арасындағы қарым-қатынастың тығыз болуы
- C) әрекеттің жоспарлы болуы
- D) оқушының саналы болуы
- E) тәрбиелік жұмыстар жеке адам тәрбиелеу мазмұнына сай болуы
- F) сынып жетекшілерінің педагогикалық біліктілігінің жоғары болуы
- G) іс-әрекеттің мазмұны, мақсаты, барысы оқушыға түсінікті болуы

13. Отбасының жалпы сипаттамаларының көрсеткіші:

- A) отбасындағы өзара қатынас стилі
- B) баланың отбасы өміріне белсенді араласуы
- C) отбасы құрылымы
- D) ата-ананың баланың өмір әрекетінің мазмұнына көңіл бөлуі
- E) ата-ананың тәрбиенің мақсатын, міндеттерін ұстанбауы

14. Дидактика ғылым ретінде қарастыратын сұрақтар:

- A) Баланы кім үшін оқытамыз?
- B) Қалай оқытамыз?
- C) Қай жерде оқытамыз?
- D) Қашан оқытамыз?
- E) Отбасында оқытамыз?
- F) Нені оқытамыз?

15. Білім беру стандарты:

- A) Оқыту деңгейін айқындайды
- B) Міндетті білім берудің негізгі құжаты
- C) Міндетті оқыту компоненттерін анықтайды
- D) Білім беру саласын қамтиды
- E) Бағдарламалардың сапасын анықтайтын құжат
- F) Білім беру нормаларын анықтайды
- G) Білім беру сапасын анықтайды
- H) Оқу жоспарларын қолданады

16. Оқытуды ұйымдастыру формасы:

- A) Қоғамдық жұмыс
- B) Жаттығу
- C) Сендіру
- D) Түсіндіру
- E) Семинар
- F) Ата-аналармен жұмыс

17. Білім беру жүйесін стандарттау қажет:

- A) Тәжірибе меңгерудің ғылыми мінездемесі
- B) Білім сапасын арттыру үшін
- C) Тың оқу жоспарларының енгізілуі үшін
- D) Баламалы оқулықтардың қосылуы үшін
- E) Жаңалықтар енгізу үшін
- F) Мектептегі оқу процесінің жаңа еркін ұйымдастыру формаларына өтуі үшін

18. Ұжымдық- танымдық іс-әрекеттің мынадай белгісі бар:

- A) Іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелсіздіктің пайда болуы
- B) Бірыңғай мақсаттық, жалпы мотивтің болуы
- C) Іс-әрекет барысында анықталған материалдар бойынша тұжырым жасау
- D) Жалпы іс-әрекеттің жоспары болуы
- E) Жалпы мақсаттарды жүзеге асыру
- F) Ұжымдық іс-әрекет барысында, әрбір оқушы өзіндік білімін көрсете алуы
- G) Жалпы нәтижелердің болуы

19. Оқыту үдерісі:

- A) Білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді
- B) Отаншылдық қасиетін арттырады
- C) Тәрбиені меңгертеді
- D) Адамгершілікті дамытатын іс-әрекет
- E) Төзімділіктерін дамытады
- F) Оқушылардың қабілеттерін дамытатын іс-әрекет

20. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы баға қоюдың субъективті қателіктері:

- A) оқушының интеллектуалдық мүмкіншілігін ескеру
- B) өлшемге сай болу
- C) көңіл-күйге орай баға қоя салу
- D) жауаптың жан-жақтылығын ескеру
- E) баланың тәртібіне қойылатын бағаны пән үлгеріміне ауыстыру
- F) ынталандыру принципін сақтау

21. Ақпараттық технология:

- A) Нақты құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдалану
- B) Ақпаратты өңдеу үдерісінде қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы
- C) Белгілі құралдар мен әдістер жиынтығы
- D) Ақпаратты өңдеумен байланысты үдерістер
- E) Адам іс-әрекетінің қажетті салаларының бірі

22. Оқулыққа қойылатын негізгі талаптар:

- A) Оқу бағдарламасына сәйкес болу, оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы
- B) Мазмұнында келтірілген материалдар көлемді болуы керек
- C) Оқушылар үшін ұғымды, қысқа және қызықты болуы, оқу бағдарламасынан тыс жазылуы
- D) Оқу үдерісінде тексерілген соң ғана баспадан шығуы тиіс
- E) Көрнекіліктермен жақсы жабдықталу, тілі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы
- F) Тексеру, өзін-өзі тексеру және оқу нәтижелерін түзетуге арналған сұрақтар мен жаттығулардың болуы

23. Басқаруды ұйымдастырудың формалары мен бағыттары:

- A) Педагогикалық үдерістің негізгі мақсатын айқындау
- B) Педагогтарды жаппай сауаттандыру, сауықтыру
- C) Педагогтарды психологиялық-педагогикалық тұрғыда диагностикалау
- D) Қоғамдық ықпалдарды пайдалану жолдарын ұсыну
- E) Психологиялық-педагогикалық тестілеу нәтижесін қадағалау

24. Педагогикалық үдерістегі диагностиканың мәні:

- A) Педагогикалық ақпарат түрлеріне сипаттама
- B) Маман шеберлігінің деңгейін анықтау
- C) Педагогтардың жетістіктерін бағалау әдісі
- D) Педагогикалық деректерге басшылық
- E) Мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдіру жүйесі
- F) Педагогтар мен мектеп басшыларының біліктілігін көтеру тәсілі

25. Әдістемелік жұмысты қорытындылау формалары:

A) жас мұғалім мектебі

B) педагогикалық оқулар

C) ғылыми-педагогикалық конференциялар

D) диссертациялық кеңес

E) озық тәжірибе мектебі

F) жеке мұғалімдердің немесе әдістемелік бірлестіктердің шығармашылық есептері

G) проблемалық практикумдар

**Педагогика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



**Математиканы оқыту әдістемесі**

1. Анықталмайтын ұғым:

- A) дөңгелек
- B) бұрыш
- C) сәуле
- D) нүкте
- E) жазықтық
- F) шеңбер
- G) кесінді

2. Білімнің сапалық көрсеткіштері:

- A) Таным әдісінің дұрыстығын тексеру
- B) Жалғыз айырмашылық әдісін қолдана білуі
- C) Ұқсастық және айырмашылықтың бірлескен әдісін түсінуі
- D) Деректерді таңдап алу арқылы индукция жасай білуі
- E) Таным процесінің маңызды заңдылықтарын көрсету
- F) Таным әдісінің дұрыс екеніне оқушылар сенімін қамтамасыз ету
- G) Жалғыз ұқсастық әдісін меңгеруі

3. Алғашқы ұғымдар:

- A) Нүкте
- B) Доға
- C) Бұрыш
- D) Сәуле
- E) Жазықтық
- F) Кесінді
- G) Сфера

4. Анализ, грекше *analygis*:

- A) Үйрену
- B) Теру
- C) Жіктеу
- D) Құрастыру
- E) Талдау

5. Танымның эмпирикалық әдісі:

- A) салыстыру әдісі
- B) эксперименттік әдіс
- C) аналогия әдісі
- D) абстракциялау әдісі
- E) индукция әдісі
- F) дедукция әдісі

6.  $\log_3(3^x - 8) = 2 - x$  теңдеуінің шешімі:

- A) -1
- B)  $\ln e^2$
- C)  $\sqrt{16}$
- D) 2
- E) 4
- F)  $2\sqrt{4}$
- G) -111

7. Тік бұрышты үшбұрыш катеттері 3:4 қатынасындай, үшбұрыштың периметрі 24 см. Сырттай сызылған шеңбердің радиусы:

- A) 6 дм
- B) 12 см
- C) 11 см
- D) 5см
- E) 50 мм

8. Қазіргі заманғы математика мұғалімі:

- A) математикалық білімдерді баяндаушы
- B) оқытушы
- C) оқу/оқыту үдерісінің менеджері
- D) оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырушы
- E) оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқарушы

9. Математиканы оқыту әдістемесімен байланысты пәндер:

- A) Биология
- B) География
- C) Химия
- D) Психология
- E) Физиология
- F) Педагогика

10. Математикалық ұғым:

- A) өріс
- B) тізбек
- C) баған
- D) жол
- E) тізім
- F) сапа

## 11. Аксиома:

- A) Анықтама ретінде алынатын математикалық сөйлем
- B) Дәлелдеусіз қабылданатын математикалық сөйлем
- C) Теорема ретінде алынатын математикалық сөйлем
- D) Математикалық тұжырымның негізгі бір түрі
- E) Дәлелдеу арқылы қабылданатын математикалық сөйлем
- F) Дәлелденбейтін математикалық сөйлем
- G) Кез келген ойды баяндайтын жай сөйлем

## 12. Теорема:

- A) ақиқаттығы дәлелдеу арқылы көрсетілетін математикалық тұжырым
- B) импликация түрінде берілмейтін сөйлем
- C) кез келген ойды білдіретін математикалық сөйлем
- D) импликация түрінде берілетін сөйлем
- E) дәлелдеуді қажет ететін математикалық пікір

## 13. Мектепте оқыту құралдар тобы:

- A) Құралдар
- B) Сызатын құралдар
- C) Математика кабинетіне арналған жабдықтар
- D) Жабдықтар
- E) Оқушыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдары
- F) Мұғалімге арналған құралдар

## 14. Теоремаларды дәлелдеудің негізгі тәсілдері:

- A) жалған тәсілдер
- B) синтетикалық тәсілдер
- C) айқын тәсілдер
- D) ерекше тәсілдер
- E) аналитикалық тәсілдер

## 15. Математика сабағын жоспарлаудың негізгі түрлері:

- A) жетілік сабақ
- B) күнтізбелік сабақ
- C) кешенді сабақ
- D) апталық сабақ
- E) айлық сабақ

16.  $y = \frac{1+x}{x^2+5}$  функциясының анықталу облысы:

- A)  $(-\infty; 0)$
- B)  $[5; +\infty]$
- C)  $[0; +\infty]$
- D)  $-\infty < x < \infty$
- E)  $(-2; 4)$

17. Теңдеуді шешіңіз:  $x^3 - 3x^2 + 4x - 12 = 0$

- A) 10
- B) 6
- C)  $\lg 1 + 3$
- D)  $\lg 10$
- E) 4
- F)  $3 \lg 10$
- G) 3

18. Есептер қойылатын талаптарының сипатына қарай былайша жіктеледі:

- A) салу берілген
- B) толықтыруға, жүйелеуге берілген
- C) мәтінді, сюжетті
- D) алгебралық, геометриялық
- E) құрастыруға, салуға берілген
- F) сызуға, шығаруға берілген

19. Математикадан сыныптан тыс жұмыстардың ерекшеліктерінің негізгі сипаттамасы:

- A) техникалық оқу құралдар қолдану
- B) қарастырылған тақырыптың көп уақыт алмауы
- C) оқушылардың үлгерімінің әртүрлілігі
- D) сабақтың тақырыбын таңдаудағы жоғары талап
- E) көрнекі материалдар дайындау
- F) оқушылардың хабарлама мен баяндамаларының қысқаша болуы
- G) сабақ тақырыбын еркін таңдау

20. Ой қызметін ұйымдастыруда эмоционалдық жағдайға сүйену:

- A) Білік пен дағдыны бақылау
- B) Дағдыны қалыптастырудың жүйелілігі
- C) Оқушылардың пайымдау белсенділігін арттыру тәсілдері
- D) Материалды жүйелеу
- E) Сынып бөлмесін талғаммен безендіру
- F) Көрнекі құралдарды тиімді пайдалану

21. Жазықтықта және кеңістікте орын ауыстырудың ортақ қасиеттері:

- A) Екі орын ауыстырудың комбинациясы да – орын ауыстыру
- B) Орындауға кері түрлендіру – орын ауыстыру
- C) Теңбе-тең көбейту – орын ауыстыру
- D) Орын ауыстыруға кері түрлендіру – орын ауыстыру
- E) Орын ауыстыруға кері қосу – орын ауыстыру
- F) Үш орын ауыстырудың комбинациясы да – орын ауыстыру

22. Радиусы 15 см болатын шеңбердің ұзындығы:

- A)  $110\pi$  мм
- B)  $1,1\pi$  дм
- C)  $30\pi$  см
- D)  $300\pi$  мм
- E)  $3\pi$  дм
- F)  $15\pi$  см

23. Ю.М. Колягин бойынша математикадан өзіндік жұмыс түрлері:

- A) олимпиадалық есептерді шешу
- B) математикаға қызығушылығы жоғары оқушылармен жұмыс
- C) бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс
- D) бағдарламалық материалдарды меңгеруде үлгермеушілермен жұмыс
- E) математикаға қызығушылығын арттыру үшін оқушылармен жұмыс
- F) қызықты есептерді шешу
- G) жоғары сынып оқушыларымен жұмыс

24. Дәлелдеуді іздеудің жанама әдістері:

- A) Геометриялық түрлендірулер әдісі
- B) Алгебралық түрлендірулер әдісі
- C) Талдаудың бірде шарттын, бірде қорытындысын тізбектей түрлендіру әдісі
- D) Талдау шарттарын өзгерту
- E) Бөлшектеу әдісі немесе шарттарын бөлу әдісі
- F) Талдау қорытындысын өзгерту

25. Дәлелдеудің тікелей әдістеріне кіретін тәсілдер:

- A) Жоққа шығару әдісі
- B) Шарттарды жіктеу әдісі
- C) Талдау қорытындысын өзгерту
- D) Талдау шарттарын өзгерту
- E) Талдаудың бірде шарттын, бірде қорытындысын тізбектей түрлендіру әдісі

**Математиканы оқыту әдістемесі  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі**

1. Сыныптан тыс шаралардың түрлері:

- A) мектеп
- B) тәрбие әдістері
- C) оқу
- D) ғылым, өнер салалары бойынша кіші академиялар
- E) спорттық кіші академиялар
- F) техникалық кіші академиялар

2. Сынып жетекшісінің негізгі міндеттері:

- A) Сынып ұжымын құру және тәрбиелеу
- B) Балаларды жарыстыру, бәсекелестік тудыру
- C) Оқыту үрдісіндегі тапсырмалар деңгейін анықтау
- D) Оқыту үдерісін ұйымдастыру
- E) Оқуды үйлестіру
- F) Білім беруді жоспарлау

3. Педагогикалық қолдау сөздері:

- A) Дұрыс шешім шығара алу мүмкіндігің бар
- B) Сенің жауапкершілігің мол - сондықтан дарынды болуға тиіссің!
- C) Сенің бұл жағдайдан жол тауып шығарыңа мен сенемін
- D) Сен жақсы оқушысың – сондықтан жеңіске жете аласың
- E) Сен ақылдысың ғой – қолыңнан келеді!
- F) Қателеспейтін адам жоқ, бастысы - сол қатені түзете білуде

4. Баланың жағымды іс-әрекетін, мінез-құлқын бағалап, оны көпшілік, ұжым алдында жария ету әдісі:

- A) Талап қою
- B) Марапаттау
- C) Жазалау
- D) Жаттықтыру
- E) Эксперимент
- F) Мадақтау
- G) Алғыс айту

5. Тәрбие жоспарының қызметтері:

- A) Тәрбиелік
- B) Болжау
- C) Ұйымдастырушылық
- D) Дамытушылық
- E) Ағартушылық
- F) Білімділік

6. Сынып жетекшісінің міндеттері:

- A) Мектеп ұжымына бейімделу
- B) Пән мұғалімдерінің сабақтарын талдау
- C) Мүмкіндігі шектеулі балаларды зерттеу
- D) Проблемаларды шешуде оқушыға көмек көрсету
- E) Тиімді оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру
- F) Білім беру мазмұнының ғылымилық принципін қанағаттандыру
- G) Ата-аналармен қарым-қатынас жасап, оларға бала тәрбиесінде көмек көрсету

7. Оқушылардың сыныптық ұжымы:

- A) Мектептен тыс мекемелердегі шығармашылық ұжым
- B) Білім, тәрбие мақсатына жету үшін құрылатын оқушылар ұжымы
- C) Білім алу мақсатында, ішкі қарым-қатынасы қалыптасқан балалар ұжымы
- D) Ғылыми-ізденушілік бағыттағы ұйымдасқан ұжым
- E) Қызығушылықтары сәйкес келетін, әр жастағы балалар тобы
- F) Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру тобы
- G) Бір мектепте білім алатын, әр жастағы балалар тобы

8. Қиын тәрбиені жеңу әдістері:

- A) Жасөспірімдердің оқыту-түзету жұмысын құрастыру
- B) Сабақтан тыс іс-әрекетті ендіретін тәрбиелік-түзету жұмысы
- C) Бейімделу әдісі
- D) Өмірлік тәжірибені құру әдісі
- E) Педагогикалық ықпал ету әдісі
- F) Оқу іс-әрекетінің сәттілігін құру әдісі

9. Авторитарлық тәрбие:

- A) Оқушылардың оқуға, үйдегі және қоғамдық орындардағы тәртіпке еркін қарауы
- B) Өзінің адамгершілігін сезіндіру
- C) Баланың бас бостандығы
- D) Тұлғаның дамуын тежеу
- E) Тұлғаны басу
- F) Белсенділігін басып тастау

10. Тәрбиелеу және оқыту үдерістерінің ұқсастығы:

- A) Әрекет үдерісінде тұлға дамуына әдістеме ұсыну
- B) Өзін-өзі қайта тәрбиелейді
- C) Тұлғаның дамуы мен әлеуметтенуі
- D) Бақылау және түсіндіру әдісін қолданады
- E) Тәрбиелеу үдерісі өзіне оқыту элементтерін қосады



11. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі:

- A) Қоршаған ортасын танып-білу
- B) Мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс-қимыл жасау
- C) Қызығушылығын ояту
- D) Оқушының дара даму ерекшелігін танып-білу
- E) Адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру
- F) Ұрпақтан-ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез-құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру

12. Тәрбиенің қоғамдық мәні:

- A) Қоғамның пайда болуына тән қасиет
- B) Жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал
- C) Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
- D) Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту
- E) Рухани жағынан үнемі жетілу және баюуда көпсалалы процесс

13. Тәрбие ісінің құрылымы:

- A) Жекеленген жүйелік құрылымдар тәрізді
- B) Алғашқы әңгіме, барлау, жоспарлау
- C) Ұйымдастыру, құралдарды анықтау
- D) Тәрбие ісін өткізу, нәтижелерді бағдарлау
- E) Мақсатты тікелей жүзеге асыру
- F) Даярлау, істердің салдарын талдау
- G) Қол жеткізген нәтижелерді талдау

14. Дәрігерлердің оқушылар денсаулығын сақтауда ескерер кеңесі:

- A) Өзіңе сен
- B) Қоршаған ортаға қызығушылықты сақтау
- C) Тазалықты сақтау
- D) Демалысты дұрыс ұйымдастыру
- E) Жақсы мүсін сақтау

15. Әдеби-музыкалық қоғам бірлестігіне қатысушылар ұйымдастырады:

- A) Би кеші сайыстары, көрмелері
- B) Қызығушылықтары бойынша оқушыларды топтастыру
- C) Ашық есік күндері
- D) Баланың еңбек тәрбиесін дамыту
- E) Қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі

16. Отбасындағы тәрбиенің міндеттері:

- A) Отбасында баланың өсіп-жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту
- B) Баланың психикалық үдерістерін ескеру
- C) Табиғи ортаны сақтау
- D) Баланың жеке бас ерекшелігін ескеру
- E) Жас ұрпақтың бойындағы азаматтық белсенділігін арттыру

17. Сабақтан тыс әрекеттерді ұйымдастыру формасы:

- A) Интербелсенді әдістерді қолдану
- B) Лабораториялық сабақ жүргізу
- C) Қоғамдық пайдалы еңбек әрекеті
- D) Сабақ барысында кездесулер ұйымдастыру
- E) Сынып бөлмелерін жөндеу жұмыстары
- F) Дене тәрбиесі, спорттық әрекет
- G) Көркемөнер – шығармашылық әрекет

18. Социометрия әдісі:

- A) Оқушылардың оқу үлгерімін зерттейді
- B) Сыныптағы шағын топтардың барын анықтайды
- C) Өзара қарым-қатынасты зерттейді
- D) Оқушының темпераментін анықтау
- E) Оқушылардың жалпыға танымал немесе танымал еместігін зерттейді

19. Тәрбие үдерісінде қамтылған адам санына қарай тәрбие формалары:

- A) Көпшілік
- B) Бұқаралық
- C) Жеке
- D) Ресми
- E) Ұйымдық

20. Тәрбие, адамды сүйеге бағыттау төмендегі ұстанымдардың біртұтастығына байланысты:

- A) жаңа қоғамдық рөлді меңгеруіне
- B) балаға тұрақты дұрыс қатынасына
- C) баланың ортаға тез бейімделгіштігіне
- D) баланың еңбегі мен ісін бағалауына
- E) үдерістің аса қарқындылығына
- F) ерік-жігердің бірлігіне
- G) ғылымилық және жүйелі жұмыс жүргізілуіне

21. Мінез-құлықты тәрбиелеу әдістері:

- A) марапаттау
- B) өзін-өзі басқару ұйымына мүше сайлау
- C) тәрбиелік жағдаяттарды өзгерту
- D) мектептегі әдістемелік кеңеске қатысу
- E) этикалық әңгіме талдату
- F) мадақтау
- G) жарыстар өткізу

22. Топтық тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары:

- A) үйірмелер
- B) сынып сағаты
- C) әңгімелер
- D) клубтар
- E) ұсынылған кітаптарды оқып талдау
- F) балалар лагері
- G) тәрбие тұжырымдамасын жасау

23. Тәрбиенің тиімділігі тәуелді:

- A) қаржы көздеріне
- B) оқушының еңбекқорлығына
- C) мектеп Жарғысының мазмұнына
- D) тәрбие үдерісінің әдістемесіне
- E) оқыту мерзіміне
- F) педагогтің талдау, бағалау қабілетіне

24. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) үйрету
- B) әңгіме
- C) өзін-өзі басқару
- D) тәрбиелік жағдаяттар
- E) пікірталас

25. В.П. Тугаринов бойынша жеке адамның сапалық көрсеткіштері:
- A) Тәрбие гуманизациясы
  - B) Саналылық, жауапкершілік
  - C) Тәрбиені ұйымдастырушылық қасиеті
  - D) Даралық, қоғамдық белсенділік пен саяси-идеялық бағыт
  - E) Биологиялық ерекшеліктері
  - F) Тәрбие іс-әрекетіне араласуы

**Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі  
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Элементар математика**

1. Геометриялық прогрессияның үшінші және бесінші мүшелерінің қосындысы 10-ға, ал оның екінші және төртінші мүшелерінің қосындысы  $10/3$ -ке тең. Прогрессияның төртінші мүшесі:

- A)  $0,03 \cdot 10^2$
- B) 0,2
- C)  $1/5$
- D) 2
- E)  $\sqrt{4}$
- F)  $4/2$

2.  $\left(2x^2 + \frac{1}{x}\right)^5$  жіктеуіндегі  $x^{10}$ -нің алдындағы коэффициенті:

- A) 1
- B)  $\frac{40}{0,5}$
- C)  $2^0$
- D) 80
- E)  $2^5$

3.  $a^4 + 4a^2 - 5$  көпмүшелігін көбейткіштерге жікте:

- A)  $(a - 1)^2(a^2 + 5)$
- B)  $(a^2 - 1)(a^2 + 5)$
- C)  $(a - 1)(a + 1)(a^2 - 5)$
- D)  $(1 - a)(a + 1)(5 - a^2)$
- E)  $(a^2 - 1)(a^2 - 5)$

4.  $\sqrt{3-2\sqrt{2}}$  сандық өрнегін ықшамдағанда:

A)  $-(\sqrt{2}-1)$

B)  $1-\sqrt{3}$

C)  $1-\frac{4}{\sqrt{8}}$

D)  $1-\frac{2}{\sqrt{8}}$

E)  $\sqrt{2}-1$

F)  $-(1-\sqrt{2})$

G)  $\frac{2}{\sqrt{2}}-1$

5.  $10^{-0,5\lg 2,25}$  өрнегін есептесе:

A) 1,5

B)  $\lg 1$

C)  $\lg 1,5$

D)  $4/6$

E)  $2/3$

6.  $3x-5=|3x-5|$  теңдеуінің шешімі:

A)  $\left(-\infty; 1\frac{2}{3}\right]$

B)  $\left[\frac{5}{3}; +\infty\right)$

C)  $\left(-\infty; \frac{5}{3}\right]$

D)  $x \geq \frac{5}{3}$

E)  $x \leq 1\frac{2}{3}$

F)  $x < 1\frac{2}{3}$

G)  $\left[1\frac{2}{3}; +\infty\right)$

7. 
$$\begin{cases} \log_3 x - \log_3 y = 0, \\ x^2 - 3y^2 + 44 = 0. \end{cases}$$
 теңдеулер жүйесінің шешімі:

- A) (9/3; 9)
- B) (9; 81)
- C) (2; 4)
- D) (2; 2<sup>2</sup>)
- E) (3; 3<sup>2</sup>)
- F) (1; 1)
- G) (3; 9)

8. Шеңбер ұзындығының формуласы:

- A)  $l = d\pi$
- B)  $l = \frac{\pi R}{2}$
- C)  $l = \pi R$
- D)  $l = 2\pi R$
- E)  $l = 0,5\pi R$
- F)  $l = 180^\circ R$
- G)  $l = 360^\circ R$

9. 
$$\begin{cases} x - xy - y = -7 \\ x + 2xy - y = 5 \end{cases}$$
 жүйесінің шешімдері:

- A) (1; 2<sup>2</sup>), (-2<sup>2</sup>; -2<sup>0</sup>)
- B) (ln e; ln e<sup>4</sup>), (ln e<sup>-4</sup>; ln e<sup>-1</sup>)
- C) (0; 4), (1; 1)
- D) (1; 4), (-4; -1)
- E) (ln e; ln e<sup>3</sup>), (ln e<sup>-3</sup>; ln e<sup>-1</sup>)
- F) (ln e; ln e<sup>-1</sup>), (ln e<sup>3</sup>; ln e<sup>1</sup>)
- G) (1; 4), (4; 1)

10. Поезд 60 км жол жүріп, 12 минутқа тоқтатылды. Қалған 60 км жолды поезд алғашқы жылдамдығына қарағанда 15 км/сағ артық жылдамдықпен жүріп, пунктке белгіленген уақытында жетті. Онда поездың алғашқы жылдамдығы:

- A) 8<sup>2</sup> км/сағ
- B)  $\sqrt{4096}$  км/сағ
- C) 60 км/сағ
- D) 55 км/сағ
- E) 64 км/сағ
- F) 120/2 км/сағ

11.  $4x < x^2 < 4x + 5$  теңсіздігінің шешімі:

- A)  $x < 0; x > 4$   
 B)  $(-1; 0) \cup \left(\frac{8}{2}; \frac{10}{2}\right)$   
 C)  $(-1; 5)$   
 D)  $\left(-1; \frac{10}{2}\right)$   
 E)  $-1 < x < 0; 4 < x < 5$

12.  $\frac{1}{x} < \frac{1}{3}$  теңсіздігінің шешімі:

- A)  $(-\infty; 0) \cup (0; 3) \cup (3; +\infty)$   
 B)  $(0; 3)$   
 C)  $x < 0; x > 3$   
 D)  $x < 0; x > \frac{6}{2}$   
 E)  $(-\infty; 0) \cup (3; +\infty)$

13.  $|x| + |x - 1| < 5$  теңсіздіктің шешімі:

- A)  $(-2; 3)$   
 B)  $x > 0; x < 1$   
 C)  $(0; 1)$   
 D)  $(-3; 2)$   
 E)  $-2 < x < 3$   
 F)  $x > -2; x < 3$

14.  $\sin x + \sin 5x \geq 2 \sin 3x$  теңсіздіктің шешімі:

- A)  $\frac{\pi(1+2k)}{3} \leq x \leq \frac{2\pi(k+1)}{3}, k \in Z$   
 B)  $\left[\frac{\pi}{3} + \frac{2\pi k}{3}; \frac{2\pi(k+1)}{3}\right], k \in Z$   
 C)  $\left[\frac{\pi}{6} + \frac{\pi k}{3}; \frac{5\pi}{6} + \frac{\pi k}{3}\right], k \in Z$   
 D)  $[60^\circ + 120^\circ k; 120^\circ + 120^\circ k], k \in Z$   
 E)  $\frac{\pi}{3} + 2\pi k \leq x \leq \frac{2\pi}{3} + 2\pi k, k \in Z$   
 F)  $\left[\frac{\pi}{3} + 2\pi k; \frac{2\pi}{3} + 2\pi k\right], k \in Z$



15.  $4^{x^2+2} - 9 \cdot 2^{x^2+2} + 8 = 0$  теңдеудің шешімі:

A) -1

B)  $-\sqrt{2}$

C)  $\frac{2}{\sqrt{2}}$

D)  $\pm 3$

E)  $2^0$

F) 1

16.  $\begin{cases} 9^{x+0,5} - 10 \cdot 3^x + 3 \leq 0, \\ x \geq -0,5 \end{cases}$  жүйесінің шешімі:

A)  $[-1; 1]$

B)  $(1; 9]$

C)  $\left[-\frac{1}{2}; 1\right]$

D)  $[-0,5; e^0]$

E)  $[-0,5; 1]$

17.  $\sin\left(2 \arcsin \frac{1}{7}\right)$  мәні:

A)  $\frac{1}{49}$

B)  $\frac{2}{7}$

C)  $7^{-2}$

D)  $\frac{8}{7} \sqrt{\frac{3}{49}}$

E)  $\left(\frac{1}{7}\right)^2$

F)  $\frac{8\sqrt{3}}{49}$

18.  $\cos\left(\arcsin\left(-\frac{4}{5}\right)\right)$  мәні:

A) 0,4

B)  $\frac{4}{10}$

C)  $\frac{3}{5}$

D)  $\frac{6}{10}$

E) 0,6

19. Планиметрия курсының құрылу жолдары:

A) жүйелік

B) логикалық

C) аксиоматикалық

D) графиктік

E) векторлық

F) кеңістіктік

G) жиындық

20. Мектепте 1400 оқушы бар. Олардың 1250-і шаңғы, 952-сі коньки тебе алады. 60 оқушы шаңғы да, коньки де тебе алмайды. Шаңғы да, коньки де тебе алатын оқушылар саны:

A) 862

B)  $\frac{1904}{2}$

C) 1682/2

D) 841

E) 1724/2

21. ABC үшбұрышының қабырғалары 5, 6, 7-ге тең. Ортоцентрлік үшбұрыш периметрі:

A)  $8\frac{8}{35}$

B)  $\frac{43}{5}$

C)  $8\frac{3}{5}$

D)  $\frac{288}{35}$

E)  $8\frac{5}{7}$

F)  $\frac{61}{7}$

G) 8,6

22. Үшбұрыштың екі қабырғасы 25 см және 30 см, ал оның ауданы  $300 \text{ см}^2$  құрайды. Үшінші қабырғасы:

A)  $5\sqrt{97}$  см

B)  $4^2$  см

C)  $2\sqrt{64}$  см

D) 20 см

E) 16 см

F)  $5^2$  см

G)  $3\sqrt{83}$  см

23. Көлемі V-ға тең тетраэдрдің биіктігі:

A)  $H = 2\sqrt[4]{\frac{V^2}{2}}$

B)  $H = 2\sqrt[6]{\frac{V^2}{3}}$

C)  $H = \sqrt[3]{\frac{8V}{\sqrt{3}}}$

D)  $H = 2\sqrt{\frac{V}{\sqrt{2}}}$

E)  $H = \sqrt[4]{8V^2}$

F)  $H = 3\sqrt[3]{\frac{V}{\sqrt{3}}}$

24. Табан қабырғасы 6-ға, бүйір қыры 5-ке тең дұрыс үшбұрышты призма берілген. Табан қабырғасы арқылы табан жазықтығымен  $45^\circ$  бұрыш жасайтын қима жүргізілген. Қима ауданы:

A)  $\frac{75\sqrt{2} - 30\sqrt{3}}{\sqrt{6}}$  ш.б.

B)  $\frac{\sqrt{2}}{3}(90 - 25\sqrt{3})$  ш.б.

C)  $\frac{5\sqrt{2}}{3}(18 + 5\sqrt{3})$  ш.б.

D)  $\frac{75}{\sqrt{3}} - \frac{30}{\sqrt{2}}$  ш.б.

E)  $30\sqrt{2} + 25\sqrt{\frac{2}{3}}$  ш.б.

F)  $25\sqrt{3} - 15\sqrt{2}$  ш.б.

25.  $AB$  кесіндісі тең бес бөлікке бөлінді. Бөлу нүктелерінің біріншісінің координаттары  $(3; -5; 7)$  және соңғы нүктесінің координаттары  $(-2; 4; -8)$  белгілі.  $A$  нүктесінің координаттары:

A)  $\left(4\frac{2}{3}; -2^3; \sqrt{144}\right)$

B)  $\left(\frac{1}{10}; -\frac{1}{10}; -\frac{1}{10}\right)$

C)  $(10^{-1}; -10^{-1}; -10^{-1})$

D)  $\left(\frac{1}{2}; -\frac{1}{2}; -\frac{1}{2}\right)$

E)  $(0,5; -0,5; -0,5)$

F)  $(0,1; -0,1; -0,1)$

**Элементар математика**  
**ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**